Қазақстан Республикасындағы судья ешкімнің де ықпалына қарамастан тек Конституция мен Республика заңдарына сәйкес, мемлекет атынан сот билігін жузеге асырады. Ол сондай-ақ сот мәжілісі тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығын қамтамасыз етеді, істің ақиқатын ашады, ол бойынша занды және негізделген шешім шығарады. Адам тағдырын шешуде судья арқылыбаянды болатын сот билігі әділеттіліктің ең жоғарғы сатысы болуы тиіс.

Сот пен судьяның адам мен қоғам алдындағы жауапкершілігі өте жоғары. Адам тағдырына байланысты билік айту, үкім (шешім, қаулы) шығару оңай іс емес. Құрмеуі қызын мәселелердіңшешімін тауып, шынайы шындықтың түбіне жету үшін арнайы білім, кәсіби даярлық, зеректік, қабілет, мол тәжірибемен қатар, зандарды жетік білу және оны дұрыс талдай білу керек. Бұл судья шеберлігімен тікелей астасып жатыр.

Қазір қалың қөшпілік бұрынғыдай атқарушы билікке көп шағымданбайды. Арызшағымын айтып, сottарға жүргінуге бейім. Бұл сот билігіне, судьяға халық сенімінің артқандығының белгісі.

Судья – сottaғы негізгі тұлға. Ол сот барысында мына қагидаттарды негізге алуы тиіс:

1. *Судьяның тәуелсіздігі.* Сот істерін қараған кездегі судьяның тәуелсіздігі олардың нақты бір істі әр түрлі сырттан ықпал ететін және әсерін тигізетін жағдайларды болғызбай, езінің құқықтық сана-сезімімен ішкі сезіміне сай, заң негізінде шешуінен көрінеді.

2. Судья ушін тараптардың заң мен сот алдында өзара теңдігі. Судья азаматтардың шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, діни көзқарасына, се-німіне, кәсібінің түрі мен сипатына, тұргылықты жері мен басқа да мән-жайларына қарамастан, олардың заң мен сот алдында теңдігін білдіретін сөздермен өз позициясын айқындан отырады.

3. Сот үдерісінің жарыспалылығы мен жариялышы. Тараптардың, яғни сот ісіне қатысушылардың материалдық-құқықтық мұдделері сәйкес келмей, қарама-қарсы болса да өзара сөз жарыстырып, сайысуын туғызууды, істердің ашық қаралуы сот әділдігін, жүзеге асырудың сапасына, жан-жақты ықпал жасайтынын қадағалау.

Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде соттың үкіміз және заңға сәйкес болмайынша ешкім де қылмыс жасаған деп айыпталуға, сондай-ақ қылмыстық, әкімшілік жазага тартылуға тиісті емес, яғни жаза тек сот үкімі бойынша ғана қолданылады.

Судьяның шеберлігін сөз еткенде, кешегі билерімізге жүгінбей болмайды. Бабалар шығарған кесім-білікті заң, құқық дер болсақ, ол адамның тағдырын шешер дау-дамайда қолданатын көнілі - даңғыл, санасы - сара, тілге - жүйрік би-шешендердің бірден бір кәсіби құралына айналған. Даушылар әрекеті, оқыс, шыргалаң оқиғалар түйінін құқықтық тұрғыда шешуде тіл өнерін кемел пайдаланған би-шешендердің қоғамдағы орны мен маңызы өте зор болды. Олардың кесім-біліктілерінің, қазіргі тілмен айтқанда, құқықтық заң деңгейіне көтерілу төркіні осында жатса керек. Сол кездегі тегеуірлідің тепкі жеп, тақым бұраған құштіден тар қыспақ көрген, әділет іздең, төрелік сұраушылардың жүгінері мен сүйенері — сот орындарының міндеттін атқарған билер-тін. Олар «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағиданы негізге алып, қара қылды қак жара білді. Билер – Ата би, Төбе би, Қатар би, Жеке би, Төтен би, Бала би болып бөлінген. Билердің осы құрылымдық жүйесін санамалап берер болсақ, ол мынаған саяды.

Ата би – бұрын билік құрған, талай елдік істер мен даулардың тағдырын шешіп, елге танылған, ендік қартайып, билік ісін ізінен ерген кіші билерге тапсырған адам. Ол биліктің қарттығына байланысты қалғанымен, кейінгі билер қауымына оны ақылшы, кеңесші ретінде тұтынып, батасын алып от-ырған.

Төбе би – елдік немесе өнірлік аймақта сайланып қойылатын қаламыш билер. Мысалы, тарихымыздығы Төле, Қазыбек, Әйтеке билер өз өнірлерін-дегі төбе билер болған. Төбе билерді сайлайтын халық емес, билер жиынтын-да сайлаған. Оларды қалаушы, қаламыш билер деп те атаған.

Қатар билерге – қазақ билері құрамындағы төбе биден басқалары, яғни бір-бірінен артықшылығы жоқ, тен құқылы билер жатқан. Әр жүз билері құрамында да төбе және қатар билер болған.

Жеке би - әрбір ауыл, кіші рұлық бөліністер билер құрамы болмаған, ол-ардағы би – бірей (жеке) болған. Жеке билер сайланбаған, немесе қаламыш би деп те атальынбаған. Олар өзінің шешендік қабылеттімен, ұнамды өнегелі ісімен елге танылған, билік ету ісінде сыналған азаматтарды би деп санап, мойындаған, сөйтіл олар ел сеніміне сай билік ісін жүргізіп отырған.

Төтен би – екі ел арасындағы кейбір даулы мәселелерді шешіп келуге ел арасындағы билерден таңдама билер тобын құрып, өкілетті етіп жіберілетін билер (Төтенише би деп те атальған). Мұндай төтенише би тобын екі жақ өзін-ше құрып, кездесуге жібереді екен. Ұағдаласқан жерге екі жағынан төтен билері келіп, мәселені талқылап, тиісті келісім – шешімін (білігін) қабылда-йтын болған. Атальған билер тобы көбінесе ұзаққа созылған даулы істерді шешіп келу үшін жұмсалған. Бұл билер сайланбаған, олар елдің беделді адамдарынан құрылған.

Бала би билік дәрежесін әлі иеленбекен, билік айтуға талап қылышп, өзін әр жерде көрсете бастаған жеткіншек. Ал кейін сондай талапты жастарды үрленсін деп, ірі билер қошылыққа алыш жүрген. Билік ісі жүріп жатқанда, бала мұқияттыңдай отырып, берілген биліктің жетімсіз жақтары болса, не-месе билік етуші би тоқаулап қалса, билікке араласып, өз билігін айтатын болған. Осылай бірте-бірте елге танылышп, шешен билердің бірі болып кеткендері аз емес [1, 128]. Өткеннің тарихы осылай дейді.

Күні кеше өткен абыз жазушы Әбіш Кекілбаевтың: «Шыргалаңы мен шытырманы көп қыр тіршілігінде қырық құйқылжыған қырқылжың дауларда бір пәтуага тұрақтау барымтаға барып қайтқаннан әлдеқайда қын шаруа. Оған да тілдің ебімен қоса жүректің тәуекелі керек-

ті» — дейтін байламы дауесі көп далиған даланың дауын шешу әуел бастан-ақ осал өнер болмағанның айғағында [2, 82]. Бірте-бірте қоғамның дамуымен құқықтық институттарымыздың іргесі бекі түсіп, ол бабалардың жөн-жосық-жоралғыларында адамның өміріндегі қажетті тиесілі өзіне лайық орынды даусыз иеленді.

Көне көрі тарихтың ілкідегі ірі тұлғалары Анақарыс, Күн билер далалық сот жүйесінің іргесін қалап, далалық сottы синкретті өнер дәрежесіне көтеріп, әркайсысы соның қадау-қадау алтын діңгектері болған – түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би, одан кейінгі Сыпира, Кетбұғы сынды елтұтқа атанған тұлғалар төлтума ұлттық құқықтың алдыңғы бастаутұмасын, тұмалы-тұнбасын ашса, аузын айға білеп, тауып айтатын Төле, қазып айтатын Қазыбек, жарып айтатын Эйтеке билер заңмен билік құру өнерін шырқау шынына шығарып, өздері құқық қеністігінің жарқырай жарқыл атқан сәулелі жұлдыздарына айнала білді [1, 5]. Олардыңкесім-білік, тергеу турасындағы айтқан өткір сөз ірімдері, даңғыл көңілден, күміс көмейден секіріп шыққан серке сөздері бүкілхалықтық қолданысқа ие болып, қанатты сөзге, мақал-мәтелдерге айнала берді. «Би айтқанды құл айтады, құл аузының дауасы жок», «Кесімді малға өсім бар», «Ерден елтері даулап алсаң да тендік», «Арлы арына қараса, арсыз жендім дейді», «Өзі жаман туған шешесінен көреді, Дау айта білмеген төрешіден көреді», «Жаманың сөзін сөйлеме, жалғыздың дауын даулама», «Би екеу болса, дау төртеу болады», «Ақта кара жок, қарага шара жок», «Жорғаң қатты болса, төске сал, ісің ақ болса, көпке сал», «Ісің ақ болса, тәңірін жак», «Бір нақақты қүйдіргеннен, он қылмыстыны агартаң артық», «Жазалы ұрының бір беті қара, жазалы айғақтың екі беті қара», «У ішкен бір өледі, ант ішкен мың өледі». Адам тағдарын шешердегі уәлі ауыздан төгіліп түскен бұл пайымдар кесімді үкімнің өлшем-белгісі. Ал бұл, қазіргі тілмен айтқанда, билердің таза шығармашылығы, шынайы шеберлігінің айғағы.

Судья өз ісінің шебері болуга тиістігін тағы еске салғымыз келеді. Судьяның шеберлігі әрбір жағдайда білгілікпен жол таба білу нәтижесінде пайда болады және шеберлік ұшталған сайын, судья бір-біріне ұқсас жолдарды қолданудан арылады, зерттеу барысында бұрын қолданған әдіс-тәсілдерін қолданбауга тырысады. Сондықтан да шеберлік үшін тек қана жинақталған тәжірибе ғана емес, қызметке деген шығармашылық қозқарас, тыңғыштықты талдау мен тәжірибелі орынды пайдалана білу басты қөрсеткіш болуга тиіс.

Судья болатын адамның қабілеттілігі жайында айтқанда кәсіби бейімділік пен шеберлік проблемасы туындаиды. Көптеген жағдайларда бейімділік деп белгілі бір қызметке деген күштарлық, икемділік танылады. Мұндай күштарлық мамандыққа, кәсіпке деген сенімділіктің нәтижесі. Адамның бойында жақсы бір ниеттің қалыптасуы белгілі бір дәрежедегі кәсіби жарамдылық пен мамандыққа деген бейімділікті қөрсетеді.

Судья ұғымының мазмұнын толықтыра отырып, мемлекет атынан жеке немесе алқа құрамында занда белгіленген процесуалдық тәртіппен сот істерін қарап, кінәсіз адамдарды жауапкершіліктен босатып, ал кінәлі адамдарға айыптау үкімін шығаратын, қажетті жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолданатын, тәуелсіз, тек занға ғана бағынатын биліктің екілі.

Судьялардың басқа лауазымды адамдардан айырмашылығы, біріншіден, ол сот жұмысында тек занға ғана бағынуға міндетті болса, екіншіден, ол билік иесі. Әрине заның дұрыс немесе дұрыс еместігі туралы әрбір судьяның өз пікірі бар. Занды түзету, өзгерту немесе күшін жою мақсатында ол басқа азаматтар сияқты зан өргандарына жүгінуге, баспасөзде сейлеуге құқылы, бірақ сottа істі шешу кезінде ол занға бағынуға, оны дұрыс қолдана білуге міндетті.

Судья зан білімін игерген және оны белгілі бір жағдайда қолданатын тұлға ғана емес, сондай-ақ, ол сот билігін жүзеге асыратын басшы, ұйымдастырушы болып табылады. Жаңа кезеңдегі басшыға қойылатын талаптар тек қана жоғары-ғылыми білгілігі ғана емес, сонымен қатар басшы мінез-құлқының тұлғалық қасиеті де ескеріледі.

Судья кадрларын ғылыми негізден іріктеу бірнеше кезеңдерден тұруы керек.

Бірінші кезеңде кәсіби бағдар мен кәсіби іріктеу жүргізуге негіз болатын тұлғаның психикалық сапасына қойылатын талаптардың қысқаша жиынтығын қарастырған жөн. Бұл сот кадрларының кәсіби бағдары мен іріктелуіне байланысты мәселелерде пайдаланылуы мүмкін. Басқа да мамандықтар сияқты судья кәсібіне қолданылатын талаптар туралы мәселенің

қойылуы орынды. Ал, іріктеу туралы айтатын болсақ, ол судьяның мәртебесін шешу үшін негіз беретін ерекше жол.

Екінші кезеңде, болашақ судьяның кәсіби қызметінің нәтижелілігін қамтамасыз етуге кепіл бола алғатын құқықтық және психологиялық өлшемдер қарастырылады. Судья болуга жарамдылық өлшемі объективті немесе субъективті сипатқа ие болады. Олардың біріншісі езгеруге бейім, ал екіншісі тұлғаның жеке психологиялық түсінігімен байланысты.

Үшінші кезеңде судьялыққа үміткердің қасиеттерін және судья міндетін орындау үшін қажетті талаптар жиынтығын қарастырамыз. Бұған судьялыққа үміткерлер туралы алдын ала ақпарат жинау, олардың қызметінің табыстылығы, заң қызметіне бейімділігі, заң мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі немесе жоғарғы заң оқу орындарындағы үлгерімін сипаттайтын мәліметтер жөніндегі ақпараттар кіреді.

Судьяның қоғамдағы ерекше әлеуметтік және құқықтық мәртебесін ескерсек, судья болу үшін тек қана жоғары заң білімі мен екі жыл қызмет істеуі, мұлтіксіз өмірбаяны аздық ететінін уақыттың өзі айқыннады. Тағылымданадан оту кезінде үміткер өзінің судья мантиясын киуге лайық екеніндігін сезініп, оған психологиялық, кәсіби және моральдық даярлығы әбден пісіп жетілуі керек.

Қоғам дамуының жоғары деңгейі, ғылыми-техникалық ілгерілеу кадрлар дайындау және олардың кәсіби шеберлігін шындастырып жүйеге ерекше талап койып отыр.

Қазақстан Республикасы Президенті тарарапынан да сот кадрларын даярлау мәселесіне, олардың шындалуы мен кәсіби әзірлігін жақсарту қажеттілігіне үнемі көңіл бөлініп отыр.

Судьялардың кәсіби даярлығын жақсарту мәселелеріне көңіл аудару кездейсоқ мәселе емес. Сот кадрларының арнағы даярлығының қазіргі жағдай талаптарына сәйкес болуы, кәсіби білігірлігінің жоғары деңгейде болуы - сот әділдігі деңгейінің өлшемі болып табылады.

Судья қызметінің басқа заң кәсіпптерінен ерекшелігі сол, ол тек шешімдер қабылдауға байланысты ғана емес, сондай-ақ істі дұрыс қараша, маңызды жәйттерге зерттеу жүргізуге, оған тиісті баға беруге және іс бойынша түпкілікті шешім шығаруға міндетті. Исті жан-жақты әрі толыққанды қараша үшін маңызды жағдайларға зерттеу жүргізу, оған тиісті баға беру барысында судьяда ойлау қабілеттілігі қалыптасады. Зерттеу жүргізуге сот ісін дұрыс шешу үшін деректер беру, оны тиісті бағалау және дұрыс шешу қабілеттілігі судьяның құқықтық терең білімділігін және ойлау мәселелерін дұрыс шеше білу мектеп пен жоғарғы оқу орнында күрделі тапсырмаларды шешу дағдысының болуынан деп есептейміз.

Көлданылған әдебиеттер тізімі:

- Серімов Е. Сот шешендігі. – Караганды. «Болашақ-Баспа». – 2006.
- Кекілбаев Ә. Үркөр. – Алматы: Жазушы. – 1983.

РЕЗЮМЕ/RESIME

**Сембиеев Курмангазы Закирович
Алькенов Мухаммед Берикович**

**Академия «Болашак» Караганды, Республика Казахстан
О НЕКОТОРЫХ ПРОБЛЕМАХ МАСТЕРСТВА СУДЬЕЙ**

В данной статье автор исследует проблемы касающиеся мастерства судьи. Исследуя необходимые качества, которые должны быть присущи каждому судье, автор также проводит параллель с мастерством и необходимыми качествами которые были у бывших в дореволюционное время. Сравнивая прошлое и настоящее автор предлагает свое видение совершенствования деятельности в улучшении качества судьи.

Ключевые слова: бий, мастерство, судья, решение, судьба человека, специальная знания, профессиональная подготовка, многолетний опыт.

Sembiev Kurmangazy
Alkenov Muhammed
Academy "Bolashak", Karaganda, Republic of Kazakhstan
OUTSTANDING PROBLEM MASTESTA SUDEI

In this article the author explores the problems concerning the skill of the judge. Exploring the necessary qualities that should be inherent in each judge, the author also draws a parallel with the skill and necessary qualities that biys had in pre-revolutionary times. Comparing the past and the present the author offers his vision of improving the quality of the judge

Keywords: dance, workmanship, judge, decisionmaking, judiciary, specialization, professional preparation, multi-dimensional optima.

List of references:

1. Serimov E. Courts of law. - Karaganda. "Bolashak-Publishing" . - 2006.
2. Kekilbaev A. Grandmother. - Almaty: Writer. - 1983.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МАҒЛУМАТ

Мұхаммед Беріқұлы Алькенов, студент, «Болашақ» Академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Владимир Сергеевич Барабанов, студент, И.Т.Трубилин атындағы Кубань мемлекеттік ауылшаруашылық университеті, ФМҚЖБМ ЖБ, Краснодар, Ресей Федерациясы;

Владислав Юрьевич Белицкий, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, «Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Барнауыл заң институты» ФМҚЖБМ ЖБ, Алтай өлкесі, Барнауыл қаласы, Ресей Федерациясы;

Светлана Камашевна Болдыш, фармацевтикалық пәндер кафедрасының доценті, «Болашақ» Академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Александра Викторовна Васильченко, студент, И.Т.Трубилин атындағы Кубань мемлекеттік ауылшаруашылық университеті, ФМҚЖБМ ЖБ, Краснодар, Ресей Федерациясы;

Валерия Олеговна Григорова, студент, И.Т.Трубилин атындағы Кубань мемлекеттік ауылшаруашылық университеті, ФМҚЖБМ ЖБ, Краснодар, Ресей Федерациясы;

Александр Васильевич Грошев, заң ғылымдарының докторы, Халықаралық жеке және іскерлік құқық профессоры, И.Т.Трубилин атындағы Кубань мемлекеттік ауылшаруашылық университеті, ФМҚЖБМ ЖБ, Краснодар, Ресей Федерациясы;

Павел Сергеевич Давидан, студент, И.Т.Трубилин атындағы Кубань мемлекеттік ауылшаруашылық университеті, ФМҚЖБМ ЖБ, Краснодар, Ресей Федерациясы;

Егор Иванович Джадан, студент, И.Т.Трубилин атындағы Кубань мемлекеттік ауылшаруашылық университеті, ФМҚЖБМ ЖБ, Краснодар, Ресей Федерациясы;

Лариса Владимировна Кудрявцева, заң ғылымдарының кандидаты, халықаралық және іскерлік құқық мамандығы бойынша доцент, И.Т.Трубилин атындағы Кубань мемлекеттік ауылшаруашылық университеті, ФМҚЖБМ ЖБ, Краснодар, Ресей Федерациясы;

Олег Семенович Мигунов, криминология кафедрасының оқытушысы, «Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Барнауыл заң институты», ФМҚЖБМ ЖБ, Алтай өлкесі, Барнауыл қаласы, Ресей Федерациясы;

Марина Алексеевна Подольская, магистр, И.Т.Трубилин атындағы Кубань мемлекеттік ауылшаруашылық университеті, ФМҚЖБМ ЖБ, Краснодар, Ресей Федерациясы;

Күрмангазы Зәкірұлы Сембиеv, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, «Болашақ» Академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Талгат Ахматзиевич Ханов, заң ғылымдарының докторы, профессоры, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республика.

СВЕДЕНИЕ ОБ АВТОРАХ

Алькенов Мухаммед Берикович, студент, Академия «Болашақ» Караганды, Республика Казахстан;

Барабанов Владимир Сергеевич, студент, ФГБОУ ВО «Кубанский государственный аграрный университет им. И.Т. Трубилина», Краснодар, Российская Федерация;

Белицкий Владислав Юрьевич, кандидат юридических наук, доцент, заместитель начальника кафедры уголовного процесса, Барнаульский юридический институт МВД России, Барнаул, Российская Федерация;

Болдыш Светлана Камашевна, доцент кафедры фармацевтических дисциплин, Академия «Болашақ», Караганда, Республика Казахстан;

Васильченко Александра Викторовна, студентка, ФГБОУ ВО «Кубанский государственный аграрный университет им. И.Т. Трубилина», Краснодар, Российская Федерация;

Григорова Валерия Олеговна, студентка, ФГБОУ ВО «Кубанский государственный аграрный университет им. И.Т. Трубилина», Краснодар, Российская Федерация;

Грошев Александр Васильевич, доктор юридических наук, профессор кафедры международного частного и предпринимательского права, ФГБОУ ВО Кубанский

государственный аграрный университет им. И.Т. Трубилина, Краснодар, Российская Федерация;

Давидан Павел Сергеевич, студент, ФГБОУ ВО «Кубанский государственный аграрный университет им. И.Т. Трубилина», Краснодар, Российская Федерация;

Джадан Егор Иванович, студент, ФГБОУ ВО «Кубанский государственный аграрный университет им. И.Т. Трубилина», Краснодар, Российская Федерация;

Кудрявцева Лариса Владимировна, кандидат юридических наук; доцент кафедры международного частного и предпринимательского права, ФГБОУ ВО «Кубанский государственный аграрный университет им. И.Т. Трубилина», Краснодар, Российская Федерация;

Мигунов Олег Семенович, преподаватель кафедры криминалистики, Барнаульский юридический институт МВД России, Барнаул, Российская Федерация;

Подольская Марина Алексеевна, магистрантка юридического факультета, ФГБОУ ВО «Кубанский государственный аграрный университет им. И.Т. Трубилина», Краснодар, Российская Федерация;

Сембиеев Курмангазы Закирович, кандидат филологических наук, профессор, Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан;

Ханов Талгат Ахматзиеевич, доктор юридических наук, профессор, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, Караганда, Республика Казахстан.

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Alkenov Muhammed, student, Academy "Bolashak", Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Barabanov Vladimir, student, FGBOU VO "Kuban State Agricultural University. I.T. Trubilina ", Krasnodar, Russian Federation;

Belitsky Vladislav, Candidate of Law, Associate Professor, FGKOU V "Barnaul Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Russian Federation", Barnaul, Altai Territory, Russian Federation;

Boldysh Svetlana, associate professor, Academy "Bolashak", Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Vasilchenko Alexandra, student, FGBOU VO "Kuban State Agricultural University. I.T. Trubilina ", Krasnodar, Russian Federation;

Grigorova Valeria, student, FGBOU VO "Kuban State Agricultural University. I.T. Trubilina ", Krasnodar, Russian Federation;

Groschev Alexander, Doctor of Law, Professor at the Department of Private International and Business Law, FGBOU VO "Kuban State Agricultural University. I.T. Trubilina ", Krasnodar, Russian Federation;

Davidan Pavel, student, FGBOU VO "Kuban State Agricultural University. I.T. Trubilina ", Krasnodar, Russian Federation;

Dzhadan Egor, student, FGBOU VO "Kuban State Agricultural University. I.T. Trubilina ", Krasnodar, Russian Federation;

Kudryavtseva Larisa, Candidate of Law; Associate Professor at the Department of Private International and Business Law, FGBOU VO "Kuban State Agricultural University. I.T. Trubilina ", Krasnodar, Russian Federation;

Migunov Oleg, teacher of the department of criminology, FGKOU V "Barnaul Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Russian Federation", Barnaul, Altai Territory, Russian Federation;

Podolskaja Marina, graduate student of law, FGBOU VO "Kuban State Agricultural University. I.T. Trubilina ", Krasnodar, Russian Federation;

Sembiev Kurmangazy, Candidate of Philological Sciences, Professor, Academy "Bolashak", Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Khanov Talgat, Doctor of Law, Professor, Karaganda Economic University Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

II
РАЗДЕЛ

Мазмұны Оглавление Contents	
Арунова Ж.А., Алданыш Ж. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛİM МАЗМУНЫНДАҒЫ ОҚЫТУ ЖУЙЕСІНІЦ ЖЕКЕ ТҮЛГА ҚАЛЫПТАСТАЫРУФА ӘСЕРІ.....	50
Әукең А.О., Сафарова Н.Б. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ.....	53
Аяған Е.С., Ишанов П.З., Жапанова Р.Н. БАСТАУЫШ СЫНЫП ЖАСЫНДАҒЫ МУМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ.....	57
Долматова С.Н., Жукова Л.М., Мухамедьянов Н.Д. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СРЕДСТВ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ПРИ СКОЛИОЗЕ.....	62
Дюсембінова Р.К., Кенесбекова С.А. БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІЦ ӨЗДІК БІЛİM АЛУЫНЫЦ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ.....	65
Коростелева Н.А. ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПРИГОДНОСТЬ КАК ФАКТОР, ОПРЕДЕЛЯЮЩИЙ УСПЕШНОСТЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ.....	69
Куздыбаева А.А., Бокижанова Г.К. ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРОВЕДЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА.....	74
Мирза Н.В., Кенесбекова С.А. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІНІЦ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ.....	79
Никифорова О.В., Бакарамова С.А. ЮВЕНАЛДЫ КЕЗЕНДЕ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫЦ ҚАЛЫПТАСЫП ДЕТЕРМИНАНТЫ РЕТИНДЕ ГЕНДЕРЛІК СӘЙКЕСТЕНДІРУІ	84
Никифорова О.В., Таликова Г.Т. ЦЕННОСТНАЯ ДЕТЕРМИНАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ АППЕРЦЕПЦИИ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	87
Павленко Н.Л. МЕТОДИКА ПОДГОТОВКИ И ПРОВЕДЕНИЯ СЕМИНАРА С УЧЕТОМ ПРИНЦИПА ПРОБЛЕМНОСТИ В СИСТЕМЕ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	92
Попова О.Н. ПРЕДСТАВЛЕННОСТЬ ХАРАКТЕРИСТИК ВРЕМЕННОЙ ПЕРСПЕКТИВЫ ЛИЧНОСТИ В АСПЕКТЕ МОТИВАЦИОННЫХ ОБРАЗОВАНИЙ.....	95
Сарбасова К.А., Махмутова Г.С. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫЦ БІЛİM САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІЦ РӨЛІН ҮЙЫМДАСТАЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	102
Храпченков В.Г., Храпченкова И.В. ПОДХОДЫ К ПЕРИОДИЗАЦИИ В ИСТОРИКО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ....	105
Храпченкова Н.И., Коростелева Н.А. ОСОБЕННОСТИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ СФЕРЫ УЧАЩИХСЯ.....	115
Шалтаева Р.Ж., Арунова Ж.А. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІЦ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ..	119
Шегай А.К., Есмагулова А. А. К ВОПРОСУ О НЕОБХОДИМОСТИ ВОСПИТАНИЯ КУЛЬТУРЫ ТОЛЕРАНТНОСТИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	123
Авторлар туралы мағлұмат – Сведения об авторах – Information about authors.....	128

П
Е
Д
А
Г
О
Г
И
К
А

Жанна Ануаровна Арунова
anuarova73@mail.ru
«Болашақ» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы
Алданыш Жаңыл
zhanyl.1982@mail.ru
№9 мектеп, Теміртау, Қазақстан Республикасы

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒА
ҚАЛЫПТАСТАСЫРУҒА ӘСЕРІ**

Мақалада жаңартылған білім мазмұнының оқыту жүйесіндегі жаңашылдықтары жайлы қарастырылған, білім беруші мен білім алушының әрекеттеріндегі ұстаз – білім алушыға бағыт беруші фактор, ал окушы – білім алуға саналы түрде қызмет атқаратын негізгі тұлға ретінде көрсетілген. Жаңартылған білім мазмұнындағы еліміздің білім жүйесінде алға жылдам қадам басуға қабілетті, сауатты ұрпаққа жол сілтеуге керекті, тиімді бағыттары анық көрсетіліп, оның негізі өркениетті елдердің озық тәжірибелерінен сараланып, өз қоғамымызға бейімделіп алынғанды сөз болады. Атап айттар болсақ, пәндердің мазмұндық жағынан ұқсас бағыттарда жүйеленуі, мұғалім үшін сабакты үйымдастыру кезіндегі ескеретін қажетті әрекет нәтижелері, білім алушының рөлі дәстүрлі сабактармен салыстырғанда еркін, өз мүмкіндігіне қарай жұмыс жасау еркіндігі басым екені берілді. Бағдарламаның құрылудындағы нақты жүйелілік, практика мен теорияның тығыз байланыстырының нәтижесінде өмір бойы білім алуға бейім функционалдық сауаттылығы қалыптасқан тұлға шығатындығы берілді.

Кілтті сөздер: жаңартылған білім мазмұны, білім беру, оқыту, тәрбиелеу, білім жүйесі, пәнаралық байланыс, кері байланыс, өмір бойы білім алу, алға қадам басуға қабілетті, жұмыс жасау еркіндігі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Фасырлар мақсаты-қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезіндегі саясат-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленгін XXI фасырды құруши, іскер, өмірге икемделген, жан-жакты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деген болатын [1].

Саналы өмір табалдырығын аттап, қоғамдық іске енді араласа бастаған шакта кімде болсын көп тебіреністі толқымалы іздену, барлау бастан кешіреді. Жеке адам және халық, жеке адам және тарих, жеке адам және дәүір деген аса шытырман сұраулар әсіресе суреткерді ойлантуы заңды «Оқудагы құрбыларына» атты мақаласында Мұхтар өз тетелестеріне осындай сауал тастайды. Оқыған жастар халық үшін қандай қызмет жасауы керек? Бүгін шәкірт не істесе руа? Қазақ интелегенті ұмтылар кемер, баар жайлауы қайсы? Осы сұрақтардың негізінде өркениетті елдерден озық тәжірибелеріне сүйене отырып ширек ғасыр өмір сурген жас мемлекетімізді жан-жакты дамыту үшін түрлі салаларға өзгертулер енгізілді. Соның бірі ретінде білім жүйесі де жаңалықтарға толы болды. Жаңартылған білім мазмұнына білім жүйесі арнайы жоспарлы кезеңдермен көшірілуде. Мемлекетіміздің біршама қаржысы қамтылып кадрлар дайындалып, зияткерлік мектептерде жоба ретінде алдын ала тәжірибелер жасап та көрді. Бұндағы көздең мақсат не? Жаңартылған білім мазмұны бізге не жаңалық әкелді? Осы жүйе арқылы нені көздең келеміз? Иә, сан сұрақтар сананда сайрап жатты. Ал енді бұл жаппай мектептерге енгізіле бастағанда білім жүйесіндегі мұғалімдер, окушылар, ата-аналар қалай қабылдады? «Бес саусақ бірдей емес» - демекші, қанша адам болса, сонша пікір болатыны бәрімізге еш құпия емес. Бүгінгі күнге дейін біздің ұрпақ білу үшін емес баға үшін оқығандықтан өмірге бейім емес сүрінгіш болатыны осында емес пе? Білім сонда не үшін керек? Жоғарыдағы Мұхтар ағамыздың сауалдары қайта көз алдымызға келеді. Еліміздің болашағы кімдер болып шығады? Мемлекет адамның дene мүшесі деп алсақ, білім жүйесі оның негізгі қызметін атқаратын басы деп алуға болады. Ал негізгі жүйені басқаратын бас болса, өзгертуді білім жүйесінен бастаған өте үлкен ақылмен жасалған іс деп бас әріптермен жаныма жан қосылғандай қуанышпен айттар едім. Мысалы: қазақ тілінің пәндік тақырыптарына өзгертулер енгізілді. Алғашқыда түсініксіздеу болғанымен бұл тақырыптарды өту барысында

жаңартылған білім мазмұнының жүйесіндегі оқыту әдістерін менгеруде жасалған жүйенің окушыға тигізер әсері көп екеніне көз жеткіздік. Нақты айттар болсам мысалы менің пән ретінде окушыны қинап үйреткен құрмалас сөйлемім өмірде қай жерде не үшін қолданады? Дүкенге барып: «Мениң нан сатып алуды керек, бірақ, ақшам жетпейді» деген карсылықты салалас сөйлемді дұрыс қолданғаны үшін ешкім де оған нанды арзанға бермейді. Қазақ тілі окулығына мысалы бір ғана сыныпқа шолу жасап көрейін 7-сынып бірінші бөлім ауа-райы, жел боран, бұлттың түрлері, келесі бөлім музика аспаптары, қолөнер, үшінші бөлім киім, сән, талғам т.б Алғашында окушылар география сабағы қашан аяқталып қазақ тілін бастаймыз деді. Мысалы: Ауа рай бөліміндегі желдің, бұлттың түрлері шынайы өмірде бар оны сезеді, түсініп салыстыра алады, айырмашылығын табады. Міне, өмірмен байланыстыра алады, осыдан келіп функционалдық сауаттылық қалыптасып, өмірге бейім жеке тұлға болып келе [2]. Окушылардың білімге ынтасы пайда болды ертең нені біледі екенбіз деген ой келеді. Бұл олардың сабактағы белсенділігінің артуына, білім сапасының жоғарлауына білім алушың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді. Тағы бір қырынан қарайтын болсақ, бағдарлама құрылу барысында пәнаралық тығыз байланыс яғни, бір уақыт аралығында өтетін пәндердегі тақырыптардың ұқсас болып келуі окушының жан-жакты ізденуіне де пайдасы тигізетінін білуге болады. Окушылар білімнің өмірдегі маңызын түсінеді, теория мен тәжірибелі тығыс байланыстырады пәнге ынтасын арттырады. Жаңартылған білім мазмұндығы бағдарламаның белгілі бір спиральдық қағидатпен құрылғандығы окушы мен оқытушы арасындағы жұмысты жеңілдетініне әр жыл сайын бір жүйемен тек сыннып деңгейіне сай күрделеніп отыратындығы өте тиімді. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оку бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Мұғалім тарарапынан қарайтын болсақ, сабак жоспарлау кезінде ескеретін жағдайлар баршылық. Мысалы дәстүрлі сабактарда мақсаты айқын емес еді Отанын сүюге тәрбиелеу білімін арттыру сияқты ақылға сыймайтын мақсаттармен жұмыс жасап келдік, ал шын мәнінде 40 минутта бірден білімін арттырып, Отанын сүйгізу мүмкін емес, сол себепті SMART мақсатпен яғни қол етімді сол 40 минутта жүзеге асатын шынайы орындалатын мақсатпен жұмыс жасау мүмкіндігіне ие болдық. Келесі мәселе, окушының окуға деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыру негізінде белсенді әдістерді түрлендіріп қолдану талап етілді оның де белгілі жүйемен орындау керек екендігін айтасқа болмас. Таңдап алынған белсенді әдістеріңіз сабактың мақсатына жететін әрекеттерден тұруы керек, әйтпесе окушылар ойын ойнап үйге қайтқан сәбидей мәз болып, келесі сабак барысында сізден ойын күтіп отырады [3]. Ойнай жүріп ойлауды дағдыға айладыру арқылы білім сапасының қындығын жеңілдете отырып, өмірдегі адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға болады сол арқылы кез келген ортада мәдени тұлғаға бейімделеді. Сабактың соңғы кезеңінде дәстүрлі сабакта мұғалім сұралтар мен тест жұмыстары арқылы окушының не білгені жайлы мәліметке ие болса, жаңартылған білім жүйесінде кері байланыс арқылы мұғалім бірінші өзінің әрекетіне зерттеу жасай алады. Нені дұрыс үйимдастыра алдым, қандай әрекеттерді қалай өзгертуге болады деген келесі сабактың әрекетіне қандай қадам жасау керектігіне мәлімет алғып кетеді. Бұдан шығатын қорытынды егер ұстаз қадамы нақты болса, үрпақ қадамы нық, ел болашағы айқын болар еді дегім келеді. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында көрсетілген міндеттер бойынша: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген білім алуулары керек». Жаңартылған білім беру мазмұндығы мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тен ететін – білім». Өркениетті дамудың өзегі білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Кезінде ұлт ұстазы Ахметтің әкесі Байтұрсын өз руынан үкіметке арыз жазуға білімі бар ешкімді таба алмаған. Сол уақытта оның Ахметке берген ақылы, өтініші: «Балам, мен, міне, үкіметке арыз бере алмай, Сібірге айдалып кетіп бара жатырмын. Егер арыз берген болсам, үкіметтің бастығы берген уақытын азайтар ма еді немесе мұлдем қысқартып тастар ма еді. Сол себепті қандай қыншылыққа ұшырасаң да, аш қалсаң да, жалаңаш, жалаң аяқ жүрсөң де, жататын орның болмаса да, қанша қорлық көрсөң де, оқы, тағы да айтатын тілегім- оқы [4]. Біздің үйде шешенің жанында маған хат жазатын балам болсын”- деп болашақтың тағдырына аманат хатын қалдырып кетсе, тәуелсіз бейбіт күннің үрпағына көреген патшамыз Елбасымыз

айын онынан тудырып шексіз мүмкіндіктер жасап отыр. Білім жүйесіне баса назар аударып балабақша, мектеп, оқу орындарын ашып тіпті алпауыт елдермен тәжірибе алмасу мүмкіндігі үшін «Болашақ» бағдарламасын да жасап қойды. Бүгінде тамағы тоқ, көйлегі көк Болашығы үшін жаңын да қиған Ахмет Байтұрсынұлының ата аманатын келер ұрпаққа қалай аманнattар екенсіздер? Ол тек сіздердің қолдарыныңда болашақ ұрпақ [5].

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Ендеше, елбасымыздың «Болашаққа бағдар» рухани жаңғыру жобасы сіздердің ата аманатын арқалап алға қадам басудағы сызылған жол картасы тәрізді. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Жаңғыру атаулы бұрынғыдан тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауга тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Құллі жер жүзі біздің көз алдымында өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлдыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәүірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. Болашақта ұлттық табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір казақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырга лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру» сияқты бағдарламалар – еңгізілуде. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәүірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, женіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендей, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы катарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Бір қараганда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей [6]. Бұл – бәзбіреулердің әншайін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты. Ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. ұлт – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Бұл бағдарлама арқылы неге қол жеткіземіз? Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінүі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді [7].

Корыта келе, «Халқымыздың бакуатты өмір сүруі және еліміздің озық дамыған 30 елдің қатарына қосылуы – Тәуелсіз мемлекетіміздің мәңгілік мұратты». Мемлекет пен ұлт құрыштан күйілшілік, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Сондықтан, заманға сай білім саласындағы өзгертулердің болғаны өте тиімді жолмен таңдалып алынды. Сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсіндің тенденсіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осына ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қафидасы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысы.<http://adilet.zan.kz>
2. Мұхтар Әуезов энциклопедия. –Алматы, 2011. -221 б.
3. Қазақ тілі. Мұғалім кітабы. 8-сынып қазақ тілі. –Алматы: «Арман-ПВ» баспасы, 2018. - 11 б.
4. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы 8- бабы.
5. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. /30.11.2015 /www.akorda.kz/
6. <https://oninfo.kz/elbasy-zholdauy-2018-zhyl-y-5-azan/>
7. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

РЕЗЮМЕ/RESUME

Арунова Жанна Ануаровна
Алданыш Жаныл

ВЛИЯНИЕ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ ОБНОВЛЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ НА ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ

В статье рассматривается инновационно - обновленный контент образования. Междисциплинарные отношения во время создания программы, то есть сходство предметов в одних и тех же условиях в одно и то же время. Тот факт, что содержание обновленного информационного наполнения основывается на определенном спиральном принципе, что облегчает студентам и преподавателям работу, одновременно с одной системой только на уровне класса.

Ключевые слова: обновленная система образования, образование, обучение система образования, междисциплинарная коммуникация, спиральный план, образование, обратная связь.

Arunova Zhanna
Academy «Bolashak», Karagandy, Republic of Kazakhstan
Aldanysh Zhanyl
sch.№9, Tevirtau, Republic of Kazakhstan

“THE INFLUENCE OF AN UPDATED EDUCATIONAL SYSTEM ON THE FORMATION OF A PERSONALITY”

This article deals with the innovation in the content of an updated education. The similarity of the subjects can also be found in the student's comprehensive study. The fact that the content of the updated education is based on a certain spiral principle makes it easier for students.

Keywords: updated system of education, education, spiral plan, communication, inverted connection.

List of references:

1. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated August 23, 2012 №1080. <http://adilet.zan.kz>
2. Mukhtar Auezov encyclopedia. Almaty 2011, 221 p.
3. Kazakh language. Teacher's book 8th grade Kazakh language. Publishing house " Arman-PV". 2018.11p.
4. Article 8 Of the law of the Republic of Kazakhstan " on education"
5. President of Kazakhstan N.A.Nazarbaev. Message to the people of Kazakhstan. /30.11.2015 [/www.akorda.kz/](http://www.akorda.kz/)
6. <https://oninfo.kz/elbasy-zholdauy-2018-zhyl-y-5-azan/>
7. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

ӘОК 373.2

Айнаш Орынбасарқызы Әүкен
kosan_92@mail.ru
Наташан Баҳрамовна Сафарова
safarova079@mail.ru

Академик Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оку-тәрбие үрдісінде қолдана алғын мұғалім ғана қоғамдағы өзгерістерге бейім окушының жеке тұлғасын қалыптастыруда түйінді тұлға болып табылады.

Мақалада бүгінгі таңда білім берудегі басты міндеттер түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдана отырып оқушының пәнге деген қызығуларын арттыру және білім сапасын жақсарту туралы айтылған.

Кілтті сөздер: педагогикалық технология, инновация, жаңашылдық, проблемалық оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алатын мұғалім ғана қоғамдағы өзгерістерге бейім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда түйінді тұлға болып табылады. Бүгінгі таңда білім берудегі басты міндеттер түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдана отырып оқушының пәнге деген қызығуларын арттыру және білім сапасын жақсарту.

Елбасының жолдауында «Білім беру жүйесі реформасының орталық буыны осы заманғы білім беру үрдістерін, ақпараттық технологияларды жаппай енгізу, бұл кезеңде назарды оқушылардың біліктілігін арттыруына аудару қажет» дегенідей, біз инновациялық оқытуды тәжірибелізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай біліктін білімді үрпақты тәрбиелейміз[1].

Инновация термині ғылымға 19-ғасырда енді. 20-ғасырдың екінші жартысында инновация әлеуметтік өзгерістердің жалпы үрдістерінің сатысы ретінде қаралып, оның негізгі элементтері атап көрсетілді: «жаңашылдық», «жаңашыл», «бағалаушылар». Үрдістің сындарлы, өзгермелі мерзімін қандай да бір жаңа енгізілмелерге сәйкес «бағалаушылардың» іс-әрекетіндегі өзгерістер айқындауды.

Жаңашылдық- нағыз құрал, ал инновация осы құралды менгеру үрдісі. Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау, менгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс-әрекетті айтады. Оқуда пайдаланылатын технологиялар педагогикалық технология деп аталады.

Педагогикалық технология оқу үрдісімен, яғни мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен, оның құрылышымен, құралдармен, әдістері және түрлерімен түбебейлі байланысқан. Жаңа технологияны менгеру мұғалімнен асқан шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты қажет етеді. Инновациялық оқыту білімді терендетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың окуға деген ынтасын оятады. Бұл жаңа технологиялар шығармашыл қабілеттің дамуына жағдай туғызды. Әр мұғалім қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайна, пәнніне лайықтап пайдалануға тиіс. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әр түрлі технологияның сан қылы элементтерін пайдалану артық етпесі анық. Сабакта мәселелік оқыту технологиясының басты мақсаты – оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдылығы мен шығармашылық икемділіктерін дамыту. Ерекшелігі: оқу материалында баланы қызықтыратындағы құпиясы бар мәселе туғызу. Инновация көпсалалы, кең қолданыста. Қазір барлық салада кеңінен қолданылады.

Педагогтің жеке тұлға қалыптастырудагы іс-әрекетінің басты материалы – педагогикалық технология. Сондықтан мектепте жүргізілетін ғылыми – әдістемелік жұмыстың негізгі бағыты, мазмұны, формасы, мақсат пен міндет айқындалса, бұл мектепте оқу – тәрбие үрдісінің сапалық деңгейі жоғары болады. Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс тәсілдерін инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық – педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуды қажет етеді. Педагогикалық технология жетілдірілген оқыту мен тәрбие жүйесін құру және оқу – тәрбие үрдісін жобалаумен айналысады. Педагогикалық технология басқарылатын қайта жаңғырылатын оқу тәрбие үрдісін жобалауды қөздей отырып, білім берудің негізгі мақсаты мен міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін ғылыми тұрғыдан негізделген амал тәсілдердің жүйесін құрайды. Оның негізгі құрылымдары мыналар болып табылады:

- тұжырымдамалық негізі:
- мазмұндық бөлігі:
- әрекеттілік бөлім-техникалық үдеріс.

Педагогикалық технологияның тиімділігі педагогикалық шарттарға байланысты. Педагогикалық шарттарға, ең алдымен педагогтің дербес ерекшеліктері: тұлғалық даралығын, мәдениеттілігін, қызығуын, тағыда сол сияқтыларын жатқызуға болады. Сонымен бірге окушылармен қарым – қатынас жасау біліктілігі мен кәсіби шеберлігі ерекше мәнге ие болады. Пайдалана отырып сабак өткізуге болады.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қофам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі.

Қазіргі Қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегілі өзгерістер – тарихи объективті процес. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат – білім беру жүйесін қайта қарап, окушылардың шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда окушының білім сапасын бұрынғыдан білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы окушының алған білімін жеке басының әрі қарвыйдамуына, тұлға ретінде қофамның өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді деп тұжырымдалады. Ал, білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Мұғалімдер мен окушыларға әр түрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келді.

Оқыту технологиясы педагогикалық әдістерге негізделген 1960 жылдарда шетел зерттеушілері “педагогикалық технология” терминін енгізді. “Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер – оның бөлігі ғана” – деп көрсеткен В.Беспалько. Педагогикалық технология – оқу процесін іске асырудың мағыналы технологиясы. Педагогикалық технологияның мәні тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуы ретінде қалыптасады, олардың сапасы мен мазмұны мұғалімдердің, оқу мекемелері мен бүкіл білім жүйесі жұмысында маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын менгеру оқытушының интелектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа қөптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие процесін тиімді үйімдастыруына көмектеседі.

Оқыту технологиясының ерекшеліктері:

- түрлі құралдар арқылы окушылардың білім, іскерліктерін жиі тексеру.
- ұлгермеушілерді анықтау және іріктеу.
- олармен қосымша жұмыстар өткізу, материалдарды қайталау. Осы жұмыстардан кейін окушылардың білім, іскерліктерін тағы тексеру.
- окушылардың жаңа материалды менгермеу себептерін зерттеу және анықтау.

Диагностикалық құралдар арқылы окушылардың білім, біліктілік дағдыларын анықтап, содан кейін оларды білімдеріне қарай сарапап оқыту[2].

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама болды. Осыған байланысты, білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды менгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабак барысында пайдалана отырып, сабактың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып, сабакты өте белсенді өткізуге болады. Қазіргі бастауыш сынып окушыларына арналған оқулықтарда баланың зерттеу, тәжірибелік жұмыстар жасауға арналған тапсырмалар көп берілген. Сол арқылы баланың санасын, ой-өрісін арттыруға көп мүмкіндіктер жасалынған.

Бастауыш сыныпта педагогикалық технологияның тиімділігі:

1. Окушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;
2. Өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады;
- 3 . Окушының жеке қабілеті анықталады;
5. Тапсырма деңгейінің курделенуіне сәйкес окушының ойлау қабілеті артады;
6. Өзін - өзі тексеруге дағдыланады.

Бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу үшін сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы зор деп ойлаймын. Баланы жас кезінен, яғни бастауыш сыныпта кез-келген мазмұн түсінікке сынни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым тандауға, шешім қабылдауға үйрету арқылы өз-өзіне сенімді, білімді, өзінің ойлағанын жүзеге асыратын, ойы жүйрік тұлға қалыптастaramыз. Ол үшін мұғалімдер окушыға мынадай мұмкіндіктер жасау қажет:

- Сабакты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;
- Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
- Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
- Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тындау;
- Жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау;
- Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Тағы бір озық педагогикалық технологиялардың бірі – проблемалық оқыту. Заманауи білімдендірудің мақсаты жастарды шығармашылыққа дайындау екені даусыз. Шығармашылық дегеніміз жаңалықты(жаңа нысана, жаңа білім, жаңа проблема, жаңа әдіс) ашу. Осыған орай, проблемалық оқытудың өзі де шығармашыл процесс: бейқалыпты ғылыми-оку мәселені бейқалыпты әдістермен шешу. Осыған сәйкес, мұғалім жаңа білімді дайын түрде баяндамай, окушылардың алдына проблемалық сұрақтарды қойып, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеуге бейімдейді.

Мұғалім проблемалық оқытудың барысында окушы ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отыра, жауап табу әдістерін үйретеді. Әдетте, оқытудың бұл түрі жаңа оку материалын түсіндіру кезеңінде қолданылады. Сонымен, проблемалы оқытудың ерекшелігі: окушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етіледі.

Проблемалық оқытудың тиімді жақтары:

- Окушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- Мәселенің шешімін табу барысында, көз ізденіске түседі;
- Өздігінен шешім қабылдауға дағдыланады;
- Берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.

Әрине, білім беруде педагогикалық технологиялардың түрі көп. Бұл технологиялардың барлығының окушы үшін тиімді жақтары мол. Еліміздің көркеюі, дамуы болашақ ұрпақтың қолында. Сондықтан да, өскелен ұрпақ үшін дұрыс тәрбие мен білім беру біздің міндетімі!

Колданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абиева Гульжайна Утепбергеновна, Наубетова Гүлжаухар Жарқынбаевна. Жаңа педагогикалық технологиялар: көмекші құрал-2017.
- 2.Ш.Құрманалина, Б.Мұқанова, Ә.Галымова, Р.Ильясова.Педагогика: 2-басылым-Астана-2012: Фолиант баспасы

РЕЗЮМЕ/RESIME

**Аукен Айнаш Орынбасаровна
Сафарова Наташан Баҳрамовна
Карагандинский Государственный Университет им. Е.А. Букетова
Караганда, Республика Казахстан**

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Учитель, который мотивирован на педагогическую деятельность, адаптирующийся к постоянно меняющемуся образованию, учитель, который может использовать новые технологии в образовательном процессе, является ключевой фигурой в формировании личности студента.

В сегодняшней статье основными целями образования являются повышение интереса учащихся к предмету и повышение качества образования с использованием различных методов и новых технологий.

